

Қаралды,
қабылданды,
жалпы мектепшілік
ата-аналар жиналысында
19.05.2021



Бекітемін: *Исатаева*
«Еркіншілік ауылының ЖОББМ» КММ
директоры Исатаева Б.Г.

01.09.2021.

Мектептегі бракераждық комиссия туралы ереже

1. Жалпы ереже

- 1.1 Осы ереже мектепте оқушылардың тамақтану сапасын бақылауды күшейту мақсатында әзірленген. Бракераждық комиссия әр оқу жылының басында мектеп директорының бұйрығымен құрылады.
- 1.2 Бракераждық комиссия өз қызметінде ҚР ДСМ 2021 жылдың 5 тамызында бекіткен № 76 «Білім беру нысандарындағы санитарлық эпидемиологиялық талаптар» бұйрығын жетекшілікке алады.

2. Негізгі міндеттері

- 2.1 Тамақтан улануды алдын алу;
2.2 Ішек- асқазан ауруларын болдырмау;
2.3 Тамақ дайындау технологиясының сақталуын бақылау;
2.4 Толыққанды тамақтануды ұйымдастыруда тағам ассортиментін кеңейту.

3. Жұмыс түрімен мазмұны

- 3.1 Бекітілген кесте бойынша бракераждық комиссия толық құрамда жұмыс жасайды.
- 3.2. Кестеден тыс қалған уақытта дайын тағамға бракераждық бақылау жасауды мекеменің медицина қызметкері күнделікті жүргізіп отырады;
- 3.3. Дайын тағамға бракераждық бақылау органолептік әдіспен жүргізіледі;
- 3.4. Әрбір дайын болған тағамға бракераждық бақылау тағамды таратудың алдында жүргізеді;
- 3.5. Бракераждық бақылау жүргізуде кулинардық өнімдердің, дайын тағамдардың және жартылай дайын тағамдардың (полуфабрикат) талаптарын басшылыққа алады;
- 3.6. Дайын тағамның бракераждық сынамасын алу тағамды таратудан 30 минут бұрын жүзеге асырылады;
- 3.7. Бракераждық сынама ыдыстағы дайындалған тағамды бірнеше рет мұқият араластыра отыра алынады.